

ҚҰНДЫЛЫҚТАР

БІЛІМ, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ТАБАНДЫЛЫҚ – ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖОҒАРЫ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕ КЕПІЛІ

Қазақстандықтардың жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу факторлары туралы сауалнама нәтижелерін ұсынамыз.

«Ақша бәрін шешеді» сөзі бәріне белгілі. Материалдық игілікке және бай болуға ұмтылу көптеген адамдардың өмірінде басты мақсатқа айналды. Иә, көп ақша адамға БӘРІНЕ немесе БӘРІНЕ дерлік ие болуға мүмкіндік береді. Бірақ, сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың пікірінше, **Қазақстанда жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуге жәрдемдесетін факторлардың ішінде бірінші орында – Білім.** Осы жауап нұсқасын 42,6% таңдады.

Жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізудің маңызды факторлары – **Еңбексүйгіштік және Кәсіби біліктілік.** Бұл жауап нұсқаларын **әрбір үшінші респондент** белгіледі.

Әрбір төртінші респондент мақсатқа жету жолындағы Табандылық жоғары әлеуметтік мәртебеге ықпал етеді деп есептейді.

Жоғарыда аталған факторлардан кейін ғана респонденттер маңыздылығы бойынша бесінші және алтыншы орынға **Байлық пен Керек адамдармен байланыстың болуын** белгіледі (тиісінше, 25,2% және 23,2%).



1-сурет. Сіздің ойыңызша, Қазақстанда жоғары әлеуметтік мәртебеге қол жеткізу үшін бәрінен бұрын қандай факторлар жағдай жасайды? (%-бен)

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат. Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі 18 жастағы және одан асқан 2000 респондент.

Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – 2019 ж. мамыр.